

# АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2026 жылғы 18 – 22 мамыр



2026 жылғы 18 – 22 мамыр

## Аптаның негізгі тақырыптары

01



АҚШ нарықтары:  
мөлшерлемеге қатысты  
алаңдаушылық аясында  
акция құнының өсуі

02



АҚШ экономикасы:  
сұраныстың баяулауы және  
инфляциялық қысым

03



Жаһандық нарықтар:  
Еуропа баяулап жатыр,  
Азия қысым астында  
қалып отыр

# АҚШ нарықтары: мөлшерлемеге қатысты алаңдаушылық аясында акция құнының өсуі

Америкалық нарық аптаны сенімді өсіммен аяқтады: **S&P 500** индексі қатарынан сегізінші апта бойы өсім көрсетіп, шамамен **1%-ды** қосты, ал **Dow Jones** жыл басынан бері **5,2%-ға** көтеріліп, тарихи максимумын жаңартты. Әсіресе шағын капиталдандыру компаниялары күшті динамика көрсетті: **Russell 2000** индексі бір аптада **2,7%-ға** және жыл басынан бері **15%-дан** астам өсті. Нарыққа ірі технологиялық компаниялардың жоғары нәтижесі қолдау көрсетті, онда жеті ірі корпорацияның пайдасы жылына орта есеппен **63%-ға** өсті.

Бұл ретте борыштық нарық сақталып отырған инфляциялық тәуекелдер туралы белгі беруді жалғастыруда. АҚШ-тың 10 жылдық қазынашылық облигацияларының кірістілігі **4,56%-ға** дейін көтерілді, ал 30 жылдық қазынашылық облигацияларының кірістілігі **5,1%-дан** асты, бұл – 2007 жылдан бергі ең жоғары көрсеткіш.

Федералдық резервтік жүйенің хаттамалары реттеушінің сақтық ұстанымын растады: қатысушылардың бір бөлігі жоғары мөлшерлемелерді күтілгеннен ұзақ сақтауға, ал тұрақты инфляция кезінде саясатты қосымша қатаңдатуға мүмкіндік береді.

Негізгі индекстер			
Атауы	1-апта	1-ай	YTD
KASE	1,68%	-3,09%	8,74%
S&P 500	0,95%	4,30%	9,17%
Nasdaq	0,97%	6,07%	13,35%
Басқа индекстер			
Nasdaq 100	1,68%	7,98%	16,76%
Dow Jones	1,80%	2,74%	5,24%
Борыштық нарық			
АҚШ 10 жылдық (U.S. 10Y)	-3,11%	3,92%	7,85%
АҚШ 30 жылдық (U.S. 30Y)	-1,26%	3,38%	5,22%
Валюталық индекс			
USD индексі (DXY)	-0,22%	0,44%	0,66%
Тауарлар			
Алтын	0,31%	-2,85%	5,01%
Күміс	1,28%	1,94%	11,09%
Brent маркалы мұнай	-12,23%	-10,43%	55,04%
Криптовалюта			
BTC/USD	0,67%	-1,48%	-11,63%

# АҚШ экономикасы: сұраныстың баяулауы және инфляциялық қысым

АҚШ-тың макроэкономикалық статистикасы әркелкі күйінде қалып отыр. Мичиган университетінің тұтынушылық көңіл күй индексі 44,8 тармаққа дейін төмендеп, бақылау тарихындағы ең төменгі деңгейге жетті. Халықты өмір сүру құнының өсуі мен энергия ресурстары бағасының қымбаттауы қатты алаңдатуда. Бір жылдық инфляциялық күтулер 4,8%-ға дейін өсіп, Федералдық резерв жүйесіне қысымды күшейтті.

Сонымен қатар өнеркәсіп секторындағы іскерлік белсенділік тұрақтылық танытуда: PMI өндірістік индексі 55,3 тармаққа дейін өсіп, соңғы төрт жылдағы ең жоғары көрсеткішке жетті. Дегенмен бұл өсімнің бір бөлігі тұрақты сұраныстан емес, компаниялардың жеткізілімнің тоқтап қалуы мен шикізат бағасының өсу қаупіне байланысты қорларды алдын ала толықтыруға ұмтылумен түсіндіріледі.

Тұрғын үй нарығында әлсіздік сақталуда: 30 жылдық ипотека бойынша мөлшерлеме 6,51%-ға дейін көтеріліп, жаңа тұрғын үйлердің құрылысы 2,8%-ға қысқарды. Егер экономиканың баяулауы байқалып, инфляция төмендей бастаса, нарық біртіндеп ортамерзімді болашақта ФРЖ-ның неғұрлым жұмсақ ақша-кредит саясатына көшу сценарийін біртіндеп бағалай бастайды.

## Индекс потребительских настроений в США упал до нового рекордно низкого уровня.

Ожидания заметно ухудшились из-за войны в Иране и высоких цен на бензин.

Индекс потребительских настроений



Инфляционные ожидания на ближайшие пять-десять лет



Дереккөз: Bloomberg, Мичиган университеті

# Жаһандық нарықтар: Еуропа баяулап жатыр, Азия қысым астында қалып отыр

Еуропада инвесторлардың назары экономикалық болжамдардың нашарлауына ауып отыр. Еуропалық комиссия 2026 жылға арналған еуроаймақ экономикасының өсу болжамын **0,9%-ға** дейін төмендетіп, бір мезгілде инфляция болжамын **3%-ға** дейін көтерді.

Қосымша қысым сыртқы сауданың әлсіреуінен туындауда: еуроаймақтың АҚШ-қа экспорты жылдық есеппен **39%-ға** қысқарды. Соған қарамастан өңірдің қор индекстері өсті: немістің **DAX** индексі **3,9%-ға**, ал британдық **FTSE 100** индексі **2,7%-ға** көтерілді.

Қытайда жарияланған статистика күткеннен әлсіз болды. Бөлшек сауда көлемі **2%-ға** ғана өсті, ал өнеркәсіп өндірісі **4,1%-ға** дейін баяулады. Қытай Халық банкі негізгі мөлшерлемелерді өзгеріссіз қалдырып, ауқымды ынталандырудың орнына экономиканы қолдаудың нақты шараларына басымдық беруде. Ішкі сұраныстың әлсіздігі мен жылжымайтын мүлік секторындағы проблемалар нарыққа қысым жасауды жалғастыруда.


Ал Жапония нарығы, керісінше, сенімді өсім көрсетті: **Nikkei 225** индексі технологиялық секторға деген қызығушылықтың қайта жандануы және иенаның әлсіреуі аясында **3,1%-ға** өсті.

Сонымен қатар мұнай жаһандық құбылмалылықтың негізгі факторларының бірі болып қала береді: бір баррель үшін **108 доллардан** жоғары көтерілгеннен кейін Таяу Шығыстағы қақтығыстың бәсеңдеуі мүмкін деген күтулер аясында баға қайтадан **100 доллардан** төмен түсті.

## Цены на нефть падают на фоне заявлений США о скором заключении соглашения по Ормузскому проливу.

Окончательное утверждение может занять несколько дней: американские чиновники

Фьючерсы на нефть марки Brent



Шолуды дайындаған: Ануарбеков Алдияр



<https://www.bcc-invest.kz/>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



[https://t.me/bcc\\_invest](https://t.me/bcc_invest)



# Маңызды ақпарат

Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Осы материалды тарату инвестициялық кеңес беру қызметі емес. Осы материалда келтірілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Осы материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратқа ғана сүйенбеуге тиіс. Есептеулерді, тарихи деректерді және осы материалда қамтылуы мүмкін өзге де ақпаратты «BCC Invest» АҚ қызметкерлері жария дереккөздерден алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындады. «BCC Invest» АҚ мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

«BCC Invest» АҚ ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауымен пайдаланады және тәуекелін өзі көтереді. «BCC Invest» АҚ ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыныс және/немесе сату бойынша міндеттеме емес, мәміле жасасуға итермелемейді және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша ақпарат алушыға ұсыным емес.

«BCC Invest» АҚ олар туралы ақпаратты ұсынатын бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, базистік активтердің алуан түрлі туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі – «Қаржы құралдары») операция жүргізбес бұрын, осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуы қажет және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі кеңесшілерінен және өзге де кеңесшілерінен жан-жақты кеңес алуға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатыр, олар үшін жауапкершілік «BCC Invest» АҚ-қа жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекел салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңды мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе ақпарат алушының мақсатына, ниетіне және күткен үмітіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс. Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Осы себептен бұл мәмілелер өзіне тиісті тәуекелді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын адамдарға арналған. Кез келген мәмілені жасамас бұрын клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелді түсінетініне және кез келген оқиға өрбіген кезде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескерген жөн.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестиция құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. «BCC Invest» АҚ ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдік бермейді немесе оны растамайды және қандай да бір жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

Қазақстан Республикасының

Қаржы нарығын реттеу және

дамыту агенттігі.

Бағалы қағаздар нарығында

қызметті жүзеге асыруға берілген

10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.